

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ҚеАК
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНА ДЕЙІНГІ БІЛМ БЕРУ ФАКУЛЬТЕТИ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ
ФАКУЛЬТЕТ ДОВУЗОВСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY
FACULTY OF PRE-UNIVERSITY EDUCATION



**«ТІЛ БІЛІМІНІҢ ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ:
ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК ІЗДЕНІСТЕР»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның**

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы қ., 10-11 акпан 2023 ж.

**Материалы международной научно-практической
конференции
«НОВЫЕ ПАРАДИГМЫ В ЯЗЫКОЗНАНИИ:
ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ И МЕТОДИЧЕСКИЕ ПОИСКИ»**

г. Алматы, 10-11 февраля 2023 г.

**MATERIALS
International Scientific and Practical Conference
«NEW PARADIGMS IN LINGUISTICS:
THEORETICAL AND METHODOLOGICAL SEARCHES»**

Almaty, February 10-11, 2023

Алматы
«Қазақ университеті»
2023

Даурембекова А.Н. Ойын арқылы баланың қызығушылығын арттыру және отбасындағы тәрбие	196
Ембергенова К.Р. Современные педагогические технологии как объективная потребность	198
Ергонисова Б.Е. Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында білім сапасын арттыру – сапалы оку кепілі	203
Жайлышбаева А.М. Эффективность применения инновационных методов и технологий на уроках русского языка и литературы	206
Жайсанова З.Н. Инновациялық технологиялар – өмірге бейім окушыларды дайындаудың басты құралы	210
Жанаалиева Г.М. Ағылшын тілінде сөйлеу дағдысын қалыптастырудың озық технологиялар	214
Жексембиева А.А. Қазақ тілі сабагында креативті әдіс-тәсілдерді қолдану	216
Ибрагимова М.Н., Рзағазы Г.Б. Әмір Темір деректері	221
Ибраева Ж.М. Мемлекеттік тілді оқытудағы диалог пен монологтің маңызы	227
Ильясова Э.С. Физика пәнін оқытуда мақал-мәтелдерді қолдану	230
Кантагаева А.Ш. Применение приемов критического мышления на уроках русского языка и литературы	235
Кенжәев Е.Д. Блум таксономиясын СТО технологиясының әдіс-тәсілдерімен оқыту	240
Кулиева А.Ж., Байдосова Ж.О. Қазақ тілі сабактарында окушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруды	243
Қыдырбаева Г.Н. Зерттеу сұрағын қалай нақтылуға болады?	247
Қалықпаева Р.С., Сәрсенбаева С.Н. ЖТОО студенттерінің кәсіби бағытталған оқытудың мамандың әс-әрекет моделі негізінде жүзеге асыру	250
Қарсыбекова Ш.П., Мужигова Г.М. Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйрету ісінде тіл дамыту жұмыстарын жүргізу әдістемесі	255
Қожахметова О.Ж. Кейс-стади әдісін білім беру үрдісінде тиімді қолдану	261
Қыдырбаева Ф.Н. Білім беру саласындағы инновациялық технологиялар - заман талабы	265
Мәдіхан А.М. Инновациялық технологияларды пайдалана отырып, окушыларды логикалық тапсырмалар арқылы қызығушылығын арттыру	268
Наралиева Р.Т., Сафиуллина Ф.С. Атамекенге білім алуға келген шетелдік қазақ жастарына қатысты өзекті мәселелер	272
Наурызбаева Г.К., Алджамбекова Г.Т., Нагиева М.Ш. Физика пәнін оқытудың болашақ мамандардың кәсіби құзіреттерін қалыптастырудың маңызы	277
Наурызбаева Г.К., Буланова Т.М. Информационно-обучающая среда как основа для повышения качества самостоятельной работы студентов на аудиторных занятиях	279
Нокина А.А. Инновационные технологии в сфере образования	283
Нұрмұханов Т.К. Listening comprehension is an important aspect of learning English language for L2 learners through the use of multimedia technology	288
Нұршанова И.С. Формирование смыслового чтения на уроках русского языка и литературы	293
Омарова Ж.Б. Симметрия заңдылықтарының ғылымында, техникада және қолданбалы өнерде қолданылуы	298
Рахманбекова Г.Т. Оқыту барысындағы тіл дамыту жұмыстары	302
Салгараева Г.И., Искакова Л.М. Возможности развития социальных навыков младших школьников в образовательном процессе	306
Сапаева Р.Е. Трехъязычие в Казахстане: миф или реальность	310
Саткенов А.Б., Саткенова Ж.Б., Оспанова С.А. Қазақ тілін оқытуда инновациялық технологияның тиімді әдіс-тәсілдері	313
Смағулова Қ.Х., Бейсекенова А.С. Интербелсенді әдістерді пайдалана отырып окушыларға жай сөйлемді менгертудін тиімді жолдары	315
Тазабекова А.Н. PISA тапсырмаларын қолдану арқылы окушылардың математикалық сауаттылығын арттырудың тиімді жолдары	319
Тобықов Маулен Төлебайұлы Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды тіл білімі саласына пайдаланудың тиімділігі	322

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Саткенов А.Б.

№ 103 мектеп-гимназиясының оқытушысы, Алматы қаласы Жетісү ауданы

Саткенова Ж.Б.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті
ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушысы

Оспанова С.А.

Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы. №16 жалпы білім беретін мектеп

Қазіргі таңда қазақ тілін үйрету барысында ең алдымен жаңа инновациялық технологияларды сабак барысында пайдаланып отыру қазіргі заман талабына сай десек қателеспеген болар едік. Жоспарлы түрде өтетін сабактың сапалы әрі қызықты өтуіне жаңа инновациялық технологиялардың ықпалы өте зор. Оқытудың жаңа технологияры дегенде, ең алдымен «инновация», «технология» ұғымдары оралады, Осы тұста оқытудың жаңа технологиясының қалыптасуына септігін тигізіп келе жатқан осы екі ұғымға кеңінен тоқтала кетсек.

«Инновация» термині латын тілінен алғанда «жаңару», «өзгеру» дегенді білдіреді. XIX ғасырдың 30-жылдарында Еуропада жаңа сала жаңашылдық ғылым саласында пайда болды, ал 50-жылы педагогикалық инновация қалыптасты [1].

Қазақстанда ең алғаш «Инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол: «Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, менгеру, қолдау және таратуға байланысты бір бөлек қызметі» деген анықтаманы ұсынады. Н.Нұрахметов «Инновация» білімнің мазмұнында, әдістемеде, технологияда, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруды, мектеп жүйесін басқаруда көрініс табады деп қарастырып, өзінің жіктемесінде инновацияны, қайта жаңғырту кестесін бірнеше түрге бөледі: жеке түрі; модульдік түрі; жүйелі түрі. Ендеше «инновация» ұғымы – педагогикалық сөздік қорына ежелден енген термин. Ол кейбір ғалымдардың еңбектерінде «жаңа», «жаңалық енгізу» деп көрсетілсе, кейбіреулер оны «өзгеріс» деген терминмен анықтайды.

Бұл әдістеменің негізінде тіл үйренушінің дербес қабілеті, белсенділігін қалыптастыру, оқыту материалдарын өзінше пайдалану арқылы танымдық белсенділігін арттыру алға шығады. Мұның ерекшеліктері негізінен мыналар:

- тіл үйренушінің белсенділік іс-әрекетін дамыту;
- оқыту мен үйретудің өзара үйлесімділігін қалыптастыру;
- мұнда тіл үйренушінің дербес қабілетін дамытуға көмек беру;
- тіл үйренушінің танымдық үрдіске белсенді катысуын анықтау мүмкіндігі;
- көрнекі құралдарын көбірек пайдалану арқылы сезімін жоғарлату.

Еліміздің білім беру саласында соңғы жылдары жақсы нәтижелерімен белгілі бола бастаған жаңа педагогикалық технологиялар барышылық. Соның ішінде төмендегілерді атап айтқымыз келеді:

- дамыта оқыту;
- деңгейлеп оқыту технологиясы;
- модульдік оқыту;
- проблемалық оқыту;
- қатысымдық технологиясы;
- сын тұрғысынан ойлауды дамыту;
- сатылай комплексті талдау;
- жобалау технологиясы;
- тірек сигналдары технологиясы;
- саралап даралап оқыту.

Қазіргі жаңа технологиялардың алдарына қоятын мақсаты – тіл үйренушілердің дербес ерекшеліктерін ескере отырып, өз бетінше ізденуін, шығармашылығын арттыруды көздейді. Тілді жылдам әрі сапалы менгертуде, оны кез келген ортада еркін тілдік қатынасқа түсे алатын дәрежеге қатысымдық технологиясы арқылы ғана қол жеткізуге болатындығы бүгінде дәлелденіп отыр. Қазақ тіл білімінде қатысымдық әдістің негізін қалаған профессор Ф.Оразбаеваға жүгінсек, «Қатысымдық әдіс дегеніміз – оқушы мен оқытушының тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын; белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен қағидалардың жүйесінен тұратын; тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзінде асыратын әдістің түрі» [2].

Сөйлеу үшін оқушы тілдік көрсеткіштер мен сөйлеуде жұмсалатын тұлғалардың тіркесу заңдылықтарын білуі, тілдік құралдарды қолданудың амал-тәсілдерін менгеруі қажет. Сөйлеу кезінде тілдік тұлғалардан бұрын қатысымдық тұлғаларға, әсіресе олардың байланысу, қолданылу жолдарына, амалдарына ерекше назар аударылады. Мұнда тілдің кіші, үлкен, дара, күрделі бөлшектерінің бәрі бір ортақ мақсатқа – сөйлей білуге, айтар ойды жеткізуге жұмсалады. Сөйтіп адамдардың тілдік қарым-қатынасы жүзеге асады, сөйлесім, тілджесім өз нәтижесін береді. Қатысымдық технологияны қолданудың тиімділігі, алдымен тілді оқытуда үйренуші мен үйретушінің арасында бір-бірімен көзбе-көз кездесу, ауызба-ауыз тілдесу, яғни тікелей қатынас жиі болса, сөйлесім әрекеті де ұтымды жүзеге асатындығы, сөйлеуді үйрету барысында қатаң талаппен сұрыпталған лексикалық, фонетикалық, грамматикалық минимумдар мен сөздік материалдар алынатындығы болып отыр. Тілді менгертуде тиімді сана-латын жаңа технологияның бірі – тірек сигналдары арқылы оқыту технологиясы. Сабактың қатысты материалдар ірі мөлшерде енгізіліп, блоктарға бөлінеді. Оқу материалы тірек схема-конспектілер түрінде беріледі. Тірек белгілері арқылы оқыту технологиясы төмендегідей мақсаттарды көздейді:

- білім, білік, дағдыны қалыптастыру;
- барлық баланы оқыту;
- оқытуды жеделдету.

Бұл технологияның қазақ тілін оқытуда тиімділігі: үнемі қайталау, міндепті кезеңдік бақылау, блокпен оқыту, тіректі қолдану, жеке бағдарлы қарым-қатынас, ықпал; ізгілендіру, ерікті оқыту; оқыту мен тәрбиенің бірлігін қолдана отырып жүргізетіндігі. Ал проблемалық (мәселелік) оқыту тіл үйренушілердің ойын, шығармашылығын, өзіндік іс-әрекет арқылы танымын дамытуға үлесін қосады. Проблемалық оқыту оқушының теориялық және тәжірибелік іс-әрекетінен жаңалық ашып отыруын қадағалайды. Мұнда да тапсырманы орындау, іздену оқушының еншісінде болады, ал оқытушы тек бағыт беруші ретінде.

Иновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануда оқытушы сабакты дайын күйінде бағалайды, әрбір білім алушының өзі ізденіп, ғылыми негіздерін өз бетінше игеріп, ғылыми зерттеуді көздейді, ал оқытушының негізгі міндептіне білім алушының іс-әрекетін бақылау жатады. Қазақ тілін оқытуда инновациялық технология әдіс-тәсілдері оқушылардың тілге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз ізденістері мен шығармашылық деңгейлерін дамытуға жол ашу болып табылады.

Иновациялық технология беретін нәтижелері: түрлі әдістерді пайдаланумен мемлекеттік тілді үйренудің нақты мәнін терең ашуға көмектеседі; оқушылардың барлығын сабакта қатыстыруға мүмкіндік туды; олардың әрқайсының деңгейін анықтауға, бағалауға мүмкіндіктері мол, оқушылар өз бетінше жұмыс істеуге, шығармашылық белсенділігін артыру жағынан лексикалық қоры артады; жеке тұлғалық сипаттын дамытуға, шығармашылығын шындауда, өзінің болашақ кәсібіне сенімі, қызығушылығы арта түседі.

Қорыта айтқанда, оқытудың жаңа технологияларын пайдалануда мектеп оқушылары үшін алатын орны ерекше. Өйткені білім де, тәрбие де, дүниеге көзқарас та мектеп табалдырығынан қалыптасып, орнығады. Білім беру мекемелерінде қазақ тілін оқытуда аталған инновациялық технологиялар сабактың тақырыбы мен мазмұнына сай жасалса, ол оқыту үдерісін жетілдірудің бірден-бір тиімді жолы, барлығы да өз дәрежесінде тиімді әрі жаңа технология-

ларды қолдану барысында оқушылардың пәнге ынтасы мен белсенділігі артып, білім сапасы терендей түседі. Сол сияқты ізденімпаздық, дербес ойлау, өзіндік қорытындылау қабілеттері дамиды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Роджерс Э. Инновация туралы түсінік. - // Қазақстан мектебі №4, 2006 ж.
2. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Әлеуметтану және саясат бойынша/- Павлодар: «Эко», 2006 ж.
3. Қоңдөңгейлік бірыңғай стандарттық оқыту жүйесі және қазақ тілін үйретудің әдістемесі. Астана «Келешек-пресс», 2006 ж.
4. Шамова Т. И., Третьяков П. И., Капустин Н. П. Управление образовательными системами: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / Под ред. Т. И. Шамовой. - М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2001.
5. М.Жанпейісова Модульдік технологияны қолдану оқушыны дамыту ретінде., А., 2003ж.

ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ОҚУШЫЛАРҒА ЖАЙ СӨЙЛЕМДІ МЕНГЕРТУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Смағұлова Қ., Бейсекенова А.

Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университеті,
Тіл орталық кафедрасы аға оқытушылары

Түйіндеме: Макалада жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша, жай сөйлемді менгертуде интербелсенді әдістерді пайдаланудың маңыздылығы туралы айтылады. Қазақ тілі сабактарында оку мақсаттарына сай жай сөйлемдерді тиімді менгертудің жолдары ұсынылады. Сонымен қатар, оқушылардың сынни ойлау, шешім қабылдау, пікірталасқа қатысу, басқа адамдармен қарым-қатынас жасау машиқтарының даму жолдары қарастырылған. Макалада интербелсенді әдістерді сабактың әр кезеңінде пайдалануға болатындығы мысалдар арқылы көрсетілген.

Тезис: В статье рассматривается важность использования интерактивных методов при изучении простых предложений в обновленной образовательной программе. Указаны способы эффективного изучения простых предложений в соответствии с целями обучения на уроках казахского языка. Также, рассмотрены способы развития критического мышления, принятие решений, участие в обсуждениях и коммуникативных навыков учащихся. В статье на примерах показано, что интерактивные методы могут использоваться на каждом этапе урока.

Abstract: The article discusses the importance of using interactive methods in the study of simple sentences in the updated educational program. The ways of effective study of simple sentences in accordance with the objectives of teaching in the Kazakh language lessons are indicated. Also, the ways of developing critical thinking, decision-making, participation in discussions and communication skills of students are considered. The article shows by examples that interactive methods can be used at each stage of the lesson.

Оқытудың интербелсенді түрлері жоғары мотивацияны, коммуникативтік қарым-қатынасты, шығармашылық пен қиял, белсенді өмірлік ұстаным, командалық рух, даралық құндылық, еркіндік, өзін-өзі көрсету, өзара құрмет және рухани дамуды қамтамасыз етеді.

Оқытуда интербелсенді әдістерді пайдалануда білімгерлер сынни ойлауга, өзіндік шешім қабылдауға, күрделі проблемалар төңірегінде ой қозғауға, балама пікірлерді өлшеуге, пікірталасқа қатысуға, басқа адамдармен қарым-қатынас жасауға үйренеді. Белгілі ғалым-әдіскер Қ.Қадашеваның пікірінше «жоғары белсенді қатысым арқылы сөздік қорын байытады, лингвистикалық, аутентикалық материалдар арқылы үйренушілер өзінің бар білімін дамытады, лексикасын терендетеді.» [1]. Бұл үшін сабактар жұптық және топтық жұмыс түрінде ұйымдастырылып, түрлі зерттеу жобалары, рөлдік ойындар, шығармашылық жұмыстар қолдану тиімді. Студент оку процесінің толық құқылы қатысушысы болады, оның тәжірибесі окутанымының негізгі көзі болып табылады.

Интербелсенді әдістер арқылы оку мынандай жұмыс түрлері мен әрекеттер арқылы жүзеге асырылады:

- бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, бүкіл топпен);
- жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары;